

Міндетті сақтандыруға жататын, дәнді және майлы дақылдар бөлігіндегі 2011 жылғы егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 29 сәуірдегі № 131 қаулысы.
Қостанай облысы Федоров ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 9 маусымда
№ 9-20-196 тіркелді

"Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңының 5-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 3-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Федоров ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2011 жылы Федоров ауданының аумағында дәнді және майлы дақылдарды егу жұмыстарын бастау мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері белгіленсін:

- 1) д ә н д і да қ ы л д а р :
жаздық бидай, арпа, сұлы, тары, қарақұмық-15 мамырдан 10 маусымға дейін;
2) майлы дақылдар-18 мамырдан 10 маусымға дейін;

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.М. Дощановқа ж ү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі
КЕЛІСІЛДІ:

Қ. Ахметов

"Федоров ауданының кәсіпкерлік,
ауыл шаруашылығы және ветеринария
бөлімі" мемлекеттік мекемесі
бастығының орынбасары,
бастықтың міндетін атқарушы

Е. Сечная